

**"Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 28 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 сәуірде № 18596 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 11 маусымдағы № 59 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.06.2021 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 352 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11181 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1. Мына:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту";

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігіне субсидия беру";

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру";

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бизнес-инкубациялау аясында жаңа бизнес-идеяларды және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру";

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары бекітілсін.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігіне субсидия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік гранттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Заң шығару және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан

Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі*

*Р. Дәленов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, қорғаныс және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 28 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 352 бұйрығына  
1-қосымша

**"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін оқыту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "Іскерлік байланыстар" құралы және " Бизнес-мектеп" құрамдауышы бойынша "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы көрсетеді, "Шағын және орта кәсіпкерлік топ-менеджментін оқыту" құрамдауышы бойынша "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының базасында (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Өтініштер қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру " Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы, кәсіпкерлерге қызмет

көрсету орталықтары, кәсіпкерлікті қолдау орталықтары, қаржылай емес қолдау операторы.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн;
- 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты 30 (отыз) минут;
- 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оқуға жіберу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 8.30-дан 17.30-ға дейін, сағат 12.30-дан 13.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30,15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30, 19.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүргізіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы қағаз түрінде (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

"Іскерлік байланыстар" құралы шеңберінде оқыту бойынша:

- 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Іскерлік байланыстар" құралы бойынша қатысуға өтінім;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушының жұмыс орнынан анықтама.

"Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту" құрамдауышы шеңберінде оқыту бойынша:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Шағын және орта кәсіпкерлік топ-менеджментін оқыту" құрамдауышы бойынша қатысуға өтінім;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) көрсетілетін қызметті алушының жұмыс орнынан анықтама.

"Бизнес-мектеп" құрамдауышы шеңберінде оқыту бойынша:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бизнес-мектеп" құрамдауышы бойынша қатысуға өтінім;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) көрсетілетін қызметті алушының жұмыс орнынан анықтама (болған жағдайда).

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының, кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының, қаржылық емес қолдау операторларының кеңселерінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің ) дұрыс еместігін анықтауы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда поштамен немесе электронды түрде не көрсетілетін қызметті беруші кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні және берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымның қаралу нәтижесі туралы дәлелді жауап пошталық байланыс арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол түрде көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы Министрліктің [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтер арқылы, қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары [www.damu.kz](http://www.damu.kz) интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

субъектілерін оқыту"  
 мемлекеттік көрсетілетін  
 қызмет стандартына  
 1-қосымша  
 Нысан

"Іскерлік байланыстар" құралы бойынша қатысуға өтінім		
1.	Өтінім берушінің тегі, аты әкесінің аты (болған жағдайда)	
	Өтінім берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	
2.	Жынысы	Ер _____ Әйел _____
3.	Туған күні/айы/жылы	_____ (күні, айы, жылы)
4.	Кәсіпорынның атауы	
	Кәсіпорынның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
5.	Лауазымы	
6.	Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша кодына (ЭҚЖЖ) сәйкес экономика секторы (саланың коды мен атауы)	
7.	Кәсіпорынның ағымдағы қызметі	
8.	Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің негізгі номенклатурасы	
9.	Кәсіпорынның жоспарланған қызметі	
10.	Кәсіпорынның құрылған күні	___ / ___ / _____
11.	Орташа есеппен алдыңғы жылғы жұмыскерлер саны, адам.	
12.	Орташа есеппен алдыңғы жылғы кіріс, мың теңге.	
13.	Жобаға қатысудың мақсаты	
14.	Қалауы бойынша оқудан өту қаласы	Нұр-Сұлтан қаласы _____; Алматы қаласы _____; Атырау қаласы _____; Қостанай қаласы _____; Шымкент қаласы _____; Өскемен қаласы _____
15.	Шетелдік сарапшыларды тартқыңыз келе ме? ("Аға сеньорлар")	
16.	Байланыс деректері:	
	Мекенжайы	
	Ауданы	
	Телефон/факс	
	e-mail	
<p>О с ы а р қ ы л ы :</p> 1) мәліметтердің және қоса берілген құжаттардың дұрыс екенін растаймын; 2) "Іскерлік байланыстар" жобасын іске асыру үшін қажетті мәсіметтерді пайдалануға және үшінші тұлғаларға беруге келісімді осы беремін; 3) "Іскерлік байланыстар" жобасының мониторингіне қатысты барлық қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндеттенемін.		

Толтырылған күні _____ / _____	Өтінім берушінің қолы _____
Осы өтінімнің нысанына жұмыс орнынан берілген анықтаманы қоса беру қажет.	

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде кәсіпкерлік  
субъектілерін оқыту"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша  
Нысан

"Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту құрамдауышы бойынша қатысуға өтінім	
1.	Қатысушының тегі, аты әкесінің аты (болған жағдайда).
2.	Жынысы
3.	Туған күні
4.	Лауазымы
5.	Кәсіпорынның атауы
6.	Экономика секторы (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) коды бойынша саланың коды мен атауы)
7.	Мәртебесі (шағын/орта)
8.	Кәсіпорынды құру күні
9.	Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің негізгі номенклатурасы
10.	Өткен жылғы орташа жылдық табыс, мың теңге
11.	Қызметкерлердің өткен жылғы орташа жылдық саны, адам
	Өңірі
	Ауданы
12.	Байланыстар:
	мекенжайы



телефон, факс	_____
e-mail	_____

О с ы а р қ ы л ы :

1) мәліметтер мен қоса берілген құжаттардың дұрыс екенін растаймын;  
2) оқыту бағдарламасын іске асыру үшін қажетті мәліметтерді пайдалануға және үшінші тұлғаларға беруге келісімді беремін;  
3) оқыту бағдарламасына мониторинг жүргізу немесе жобаны іске асырумен байланысты өзге де іс-қимылдар жасау үшін қажетті барлық мәліметтер мен құжаттарды беруге міндеттенемін.

Күні: \_\_\_\_\_ Қолы: \_\_\_\_\_

Өтінімнің осы нысанына жұмыс орнынан берілген анықтаманы қоса беру қажет

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде кәсіпкерлік  
субъектілерін оқыту"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
3-қосымша  
Нысан

## "Бизнес-мектеп" құрамдауышы бойынша қатысуға өтініш

### 1. "Бизнес-Кеңесші" жобасына қатысуға өтініш

Мені \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсету)

кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және кәсіпкерлерді кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға бағытталған "Бизнес-Кеңесші" жобасы шеңберінде оқу үшін тыңдаушылар қатарына қосуыңызды сұраймын.

Төменде берілген деректерімнің дұрыс екенін растаймын.

1. Туған күні: \_\_\_\_\_
2. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН): \_\_\_\_\_
3. Жынысы: әйел \_\_\_ ер \_\_\_
4. Мүгедектік: жоқ

бар  
  
мүгедектік тобы

### 5. Ұйымдық-құқықтық нысаны:

жеке тұлға (бұдан әрі – ЖТ) \_\_\_\_\_

жеке кәсіпкер (бұдан әрі – ЖК) \_\_\_\_\_

шаруа қожалығы (бұдан әрі – ШҚ) \_\_\_\_\_

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) \_\_\_\_\_

басқа \_\_\_\_\_

6. Заңды тұлғаның атауы (егер ЖК, ШҚ, ЖШС және тағы басқа) \_\_\_\_\_

7. Заңды тұлғаның қызметіне қысқаша сипаттама \_\_\_\_\_

8. Пошталық мекенжайы: пошта индексі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы \_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_ ауданы

\_\_\_\_\_ кенті/ауылы \_\_\_\_\_ көше/немесе шағын

ауданы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ үй № \_\_\_\_\_ пәтер

9. Байланыс телефондары:

Үй телефоны (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ (елді мекеннің кодын көрсету)

Жұмыс телефоны (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ (елді мекеннің  
кодын көрсету керек)

Ұялы телефоны (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ (ұялы байланыс  
операторының кодын көрсету)

10. Электрондық мекенжайы (e-mail:) \_\_\_\_\_

11. Оқыту курсың қай тілде тыңдағанды қалайсыз:

қазақ



орыс



12. "Бизнес-Кеңесші" тренингтерін өткізу күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_.

Өтінішке жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса ұсынамын.

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_.

Қолы \_\_\_\_\_

Қабылдады: \_\_\_\_\_ тегі, аты әкесінің

аты

(болған жағдайда) (толық көрсету)

Қабылдау күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_.

2. "Бизнес-Өсу" жобасына қатысуға өтініш

Мені \_\_\_\_\_

(тегі, аты әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсету)

кәсіпкерлерді кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға бағыттанған "Бизнес-Өсу" жобасы шеңберінде оқыту жөніндегі тыңдаушылар қатарына қосуыңызды сұраймын.

Төменде берілген деректердің дұрыс екенін растаймын.

1. Туған күні: \_\_\_\_\_

2. ЖСН: \_\_\_\_\_

3. Жынысы: әйел \_\_\_ ер \_\_\_

4. Мүгедектік: жоқ

бар

мүгедектік тобы

5. Ұйымдық-құқықтық нысаны:

жеке тұлға (бұдан әрі – ЖТ)

\_\_\_\_\_

жеке кәсіпкер (бұдан әрі – ЖК)

шаруа қожалығы (бұдан әрі – ШҚ)

\_\_\_\_\_

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

\_\_\_\_\_

басқа \_\_\_\_\_

6. Заңды тұлғаның атауы (егер ЖК, ШҚ, ЖШС және тағы басқа)

\_\_\_\_\_

—

7. Заңды тұлғаның қызметіне қысқаша сипаттама

\_\_\_\_\_

—

8. Пошталық мекенжайы: пошта индексі \_\_\_\_\_

облысы \_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_ ауданы

\_\_\_\_\_ кенті/ауылы \_\_\_\_\_ көше/немесе шағын ауданы

\_\_\_\_\_ № \_\_\_ үй № \_\_\_ пәтер

9. Байланыс телефондары:

Үй телефоны ( \_\_\_\_\_ ) \_\_\_\_\_

(елді мекеннің кодын көрсету керек)

Жұмыс телефоны (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_

(елді мекеннің кодын көрсету керек)

Ұялы телефоны (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_

(ұялы байланыс операторының кодын көрсету)

10. Электрондық мекенжайы (e-mail:) \_\_\_\_\_

11. Оқыту курсың қай тілде тыңдағанды қалайсыз: қазақ

орыс

12. "Бизнес- Өсу" тренингтерін өткізу күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Өтінішке жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса ұсынамын.

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

Қолы \_\_\_\_\_

Қабылдады: \_\_\_\_\_

(тегі, аты әкесінің аты (болған жағдайда) толық көрсету)

Қабылдау күні: 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 28 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 352 бұйрығына  
2-қосымша

**"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігіне субсидия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігіне субсидия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, "электрондық үкімет" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – веб-порталы) арқылы жүзеге асырылады.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күн;

2) көрсетілетін қызметті берушінің банкке/даму банкіне/лизингтік компанияға және жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ілеспе хатпен хаттамадан үзінді көшірмені жолдауы – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті органы оң шешім қабылдағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күн;

3) көрсетілетін қызметті алушының жобасын веб-портал арқылы қарау-өтінім тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн;

4) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты – 30 (отыз) минут;

5) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ақпараттық жүйе оның өтінімін тіркеуден бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз/электронды түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: көрсетілетін қызметті берушісі уәкілетті органының отырысы хаттамасынан үзінді көшірме не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз/электронды түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қағаз тасымалдағышта жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электронды нысанда ресімделеді және басылып шығарылады.

Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-дан 19.00-ға дейін, сағат 13.00-дан 15.00-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) бірінші, екінші және үшінші бағыттары/ "Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігі (бұдан әрі – Тетік) бойынша;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш-сауалнама;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөртаңбамен (болған жағдайда) расталған көшірмесі, көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу туралы хабарлама:

кәсіпкер жобасының бизнес-жоспары:

меншікті қаражаттың (ақшаның, жылжымалы/жылжымайтын мүліктің) және/ немесе үшінші тұлғалардың мүлкінің 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеден астам кредиттер/қаржы лизингі шарттары бойынша) жобасын іске асыруға қатысуды қамтамасыз ету мерзімдері (бұл ретте мүліктің осындай қатысуы жобаны іске асырудың жалпы құнының 10% - ынан төмен емес деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс);

көрсетілетін қызметті беруші субсидиялау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін табыстың өсуіне қол жеткізу және міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) әлеуметтік аударымдар бойынша деректер негізінде жұмыс орындарының орташа жылдық санын 10% – ға ұлғайту жөніндегі кезеңдер (осы абзацтың талабы Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде/бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде кәсіпкер-шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары бойынша қатысуға өтініш беру жағдайларына қолданылады);

салық есептілігі деректерінің негізінде жұмыс орындарының орташа жылдық санын сақтау/ұлғайту немесе көрсетілетін қызметті беруші субсидиялау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін табыстың 10% - ға өсуіне қол жеткізу шарты (осы абзацтың талабы субсидиялау тетігі шеңберіндегі жобаларға қолданылады);

орташа кәсіпкерлік субъектісі – кәсіпкердің соңғы үш қаржы жылындағы қаржылық есептерінің көшірмесі, табыстың 20% - ға өсуі туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін салық есептілігінің көшірмесі қоса беріледі. Кәсіпкерлік қызметті 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған жағдайда, ақпарат кәсіпкерлік қызметті іс жүзінде жүзеге асыру кезеңі үшін ұсынылады (бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде қатысуға өтініш берілген жағдайда);

өтініш берген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген, есепке алу Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына өткізілуін растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

соңғы есепті кезеңдегі валюталық пайданың тиісті деңгейінің бар-жоғын растайтын құжаттар (Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде қатысуға өтініш берген жағдайда);

банктің/даму банкінің/лизингтік компанияның Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда көрсетілетін қызметті алушыға кредит беру/қаржылық лизинг шартын жасасу немесе кредит/қаржылық лизинг шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету мүмкіндігі туралы оң шешімі бар хаты.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы оған келесі электрондық құжаттар топтамасы қоса беріледі:

көрсетілетін қызметті алушының жобасын іске асырудың бизнес-жоспарының не жоба бойынша сараптамалық қорытындысының электрондық құжаттар топтамасы қоса беріледі (банктің/лизингтік компанияның тиісті қызметкерінің техникалық-экономикалық қорытындысы/экономикалық қорытындысы). Осы құжаттар болмаған жағдайда, жобаның мәнін ашатын құжаттар ұсынылады;

тауарлардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына өткізілуін растайтын тауарға ілеспе құжаттар көшірмелерінің электрондық құжаттар топтамасы (Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде қатысуға өтініш берілген жағдайда);

соңғы есепті кезеңдегі валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттардың электрондық құжаттар топтамасы (Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде қатысуға өтініш берілген жағдайда);

Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда көрсетілетін қызметті алушының кредит беру/қаржылық лизинг шартын жасасу немесе кредит/қаржылық лизинг шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету мүмкіндігі туралы оң шешімі бар банктің/даму банкінің/лизингтік компания хатының сканерленген көшірмесінің электрондық құжаттар топтамасы қоса беріледі.

Қолданыстағы кредит/қаржылық лизинг шарты бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемесін Бағдарламада көзделген мөлшерге дейін төмендету үшін көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) қолдаухатпен екінші деңгейдегі банкке, Даму банкіне, лизингтік компанияға жүгінеді.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі бойынша, оның ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік және дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама, кәсіпкерлік субъектісінің санаты бойынша мәліметтер, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқтығы туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы автоматты түрде айқындалады.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы деректерді алу техникалық мүмкін болмаған немесе деректер дұрыс болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды сұратады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен



мәліметтердің "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы/Тетік шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні және берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында:

жеке тұлғалардың – аты-жөні, тегі, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлғалардың – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымның қаралу нәтижесі туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошталық байланыс түрінде немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол түрде беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы Министрліктің [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтер арқылы, қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде сыйақы  
мөлшерлемесінің бір бөлігіне  
субсидия беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына қосымша  
Нысан  
"Даму" кәсіпкерлікті дамыту  
қоры" акционерлік қоғамының  
өңірлік филиалының  
директоры"

---

Көрсетілетін қызметті  
алушының тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болса )

№ \_\_\_\_\_ Сауалнама - өтініш

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына /"Қолжетімді кредит беру міндеттерін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігіне (бұдан әрі – Тетік) сәйкес сізден – кредит/қаржылық лизинг шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау туралы мәселені көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті органының қарауына енгізуге бастамашылық етуіңізді сұраймын. \_\_\_\_\_ төмендегілерге сәйкес:

## 1. Бағдарламаның бағыттары (бағытты V белгісімен белгілеңіз)

"Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің бизнес-бастамаларын қолдау" деген бірінші бағыт
"Экономиканың басым салаларындағы және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлерді/индустриалдық-инновациялық қызмет субъектілерін салалық қолдау" деген екінші бағыт
"Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету" деген үшінші бағыт
Тетік шеңберінде басым жобаларды кредиттеу

## 2. Кредиттік желіні ашу/банктік қарыз беру туралы мәліметтер

Банк атауы	
Кредиттің нысаналы мақсаты	
Кредит/лизингсомасы	
Сыйақы мөлшерлемесі	
Кредит валютасы	
Кредит/лизинг мерзімі	
Жеке қатысуы*	

\*180 (бір жүз сексен) миллион теңгеден астам кредиттер бойынша көрсетілетін қызметті алушы жобаны іске асыруға өз қаражаты (ақша қаражаты, жылжымалы/жылжымайтын мүлік), оның ішінде жобаны іске асырудың жалпы құнының 10% - нан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге ұсынылатын үшінші тұлғалардың мүлкімен қатысуды қамтамасыз етеді. Жобаны іске асыруға тікелей қатыспайтын жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда, осы мүлік жобаға өзінің қатысуы ретінде қаралмайды.

Бұл ретте сомасы 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеден аспайтын кредиттер бойынша жобаны іске асыруға өзінің қатысуы талап етілмейді.

## 3. Кредит қаражатты болжамды игеру

Сомасы (Банктік қарыз шарты (БҚШ)/Транш)	Ай/Жыл

## 4. Қатысушы туралы мәлімет

Көрсетілетін қызметті алушының атауы	
Құрылтайшылар туралы деректер	
Заңды мекенжайы	
Нақты мекенжайы	
Пошталық мекенжайы	

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу күні, мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөртаңбамен (болған жағдайда), расталған көшірмесі көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу туралы хабарлама.

Қызмет түрлері

Жетекшілік ететін ведомство, холдинг немесе негізгі компания

Жұмыс тәжірибесі

## 5. Басшылық

### Бірінші басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Лауазымы

Жұмыс/үй телефон нөмірі

Туған жылы мен жері

Жеке басты куәландыратын құжатының №

Тұрғылықты (нақты) жері

Тіркелген жері

Жұмыс тәжірибесі

### Бас бухгалтер

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Жұмыс/үй телефон нөмірі

Туған жылы мен жері

Жеке басты куәландыратын құжатының №

Тұрғылықты (нақты) жері

Тіркелген жері

Жұмыс тәжірибесі

### Байланысатын тұлға

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, телефоны)

## 6. Мөшпiк иелерi

(құрылтайшы, қатысушылар, акционерлік қоғам үшін - акциялардың 5% және одан көп пайызын иеленетін акционерлер)

Атауы/Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Пайыз %	Деректемелері

## 7. Ағымдағы қызмет туралы ақпарат

Сала (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) бойынша кодқа сәйкес)/  
Индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ)



		Қ Д Ш ) деректемелері ( № , күні)			лизинг сомасы	бойынша берешек қалдығы	мерзімі аяқталатын күн	қысқаша сипаттама )
1	2	3	4	5	6	7	8	9

## 11. Басқа мемлекеттік бағдарламаларға қатысу және көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қолданылатын мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат

№ р/с	Мемлекеттік бағдарлама атауы /мемлекеттік қолдау шаралары	Мемлекеттік даму институтының атауы	Қосымша ақпарат

## 12. Кепілдіктер мен келісімдер

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды мәлімдейді және кепілдік береді:

1. Осы өтінішпен бірге көрсетілетін қызметті берушіге не көрсетілетін қызметті берушінің сұрауы бойынша берілген (ұсынылған) немесе ұсынылатын барлық деректер, ақпарат пен құжаттама дұрыс болып табылады және төменде көрсетілген күнге шындыққа толық сәйкес келеді, көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушіні дереу хабардар етуге міндеттенемін.

2. Көрсетілетін қызметті берушінің алғашқы талабы бойынша осы өтінішті қарау шеңберінде талап етілген банктік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат пен құжаттарды беруге және жария етуге міндеттенемін.

3. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген растаулар мен кепілдіктердің дұрыстығын тексеруге міндетті емес.

4. Көрсетілетін қызметті алушы жалған, толық емес және (немесе) шынайы емес мәліметтерді бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік туралы ескертілді.

5. Көрсетілетін қызметті алушы өзінің жарғылық құзыретінің осы өтінішке қол қоятын адамға осы өтінішті беруге мүмкіндік беретінін растайды.

6. Көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, көрсетілген деректердің дұрыс еместігін растайтын мәліметтер анықталған уақытта осы өтініштің кез келген кезеңде кері қайтарылатындығына келісемін, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші кері қайтару себептерін хабарламауға құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушы осы арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мыналарға келісімін береді:

1. Көрсетілетін қызметті беруші осы өтініште көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және көрсетілетін қызметті алушы берген құжаттарды тексеру және қарау мақсатында мүдделі үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

2. Осы өтініште қамтылған барлық мәліметтер, сондай-ақ көрсетілетін қызметті беруші талап еткен барлық құжаттар Бағдарлама шеңберінде субсидия алу үшін ғана беріледі.

3. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы өзі туралы хабарлайтын кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады, ал көрсетілетін қызметті алушы берген құжаттар және өтініштің түпнұсқасы субсидиялау берілмеген жағдайдың өзінде де, көрсетілетін қызметті берушіде сақталады.

4. Көрсетілетін қызметті беруші осы өтінішті қарауға қабылдауы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ықтимал шығыстары (субсидиялауды алуға қажетті құжаттарды ресімдеуге және) көрсетілетін қызметті берушінің субсидия беру немесе көрсетілетін қызметті алушы жұмсаған шығасыларды өтеу міндеттемесі болып табылмайды.

5. Субсидиялау туралы мәселені қарау тәртібімен танысқанымды және келісетінімді растаймын, кейіннен көрсетілетін қызметті берушіге наразылық білдірмеймін.

### 13. Қосымшалар

---

---

(бағыты бойынша көзделген құжаттар) (Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы, күні)\_\_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 28 бұйрығына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 352 бұйрығына  
3-қосымша

**"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, "электронды үкімет" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүзеге асырылады".

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырғаннан кейін:

1) 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеге (бұдан әрі – млн. теңге) - дейінгі кредиттер бойынша көрсетілетін қызметті беруші Банктен құжаттарды алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күн;

Егер көрсетілетін қызметті алушының және онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың көрсетілетін қызметті берушінің кепілдігімен алынған кредиттер бойынша жиынтық берешегі 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеден асатын болса, онда келесі жобаларды қарау 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

2) 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеден асатын кредиттер бойынша – көрсетілетін қызметті беруші екінші деңгейдегі банктен/Даму Банкінен (бұдан әрі – Банк) құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн.

Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған жағдайда, анықталған ескертулерді көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жою және (немесе) ақпарат ұсыну үшін Банкке жібереді. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды қарау мерзімі жаңартылады.

Веб-порталда:

1) 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеге дейінгі кредиттер бойынша көрсетілетін қызметті беруші Банктен құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн;

2) 180 (бір жүз сексен) миллион теңгеден асатын кредиттер бойынша көрсетілетін қызметті беруші Банктен құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн.



Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарға ескертулері болған жағдайда оларды жою үшін ескертулерді және/немесе ақпарат ұсыну және/немесе қажет болған жағдайда қосымша ақпарат беру туралы сұрату жіберуі – 3 (үш) жұмыс күн. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарау мерзімі жанартылады.

Банк көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыдан электрондық өтінімді "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға кепілдік беру туралы мәселені қараудан бас тартады.

3) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 (отыз) минут;

4) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-1 (бір) сағат.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз/электронды түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала кепілдік хаты не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы бар хабарлама;

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз/электронды түрінде.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қағаз жеткізгіште жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбамен және уәкілетті адамының қолымен расталады.

Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:

1) 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, дүйсенбіден бастап – жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 15.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Көрсетілетін қызметті алушыны кепілдік сомасын есептей отырып кредитеу мүмкіндігі туралы Банктің оң шешімі бар хаты;

3) көрсетілетін қызметті алушының кредиттік есеп алуға осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімі;

4) көрсетілетін қызметті алушының кредит бюросына ақпарат беруге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келісімі;

5) көрсетілетін қызметті алушының жеке деректерін көрсетілетін қызметті берушінің жинауына және өңдеуіне осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның келісімі;

6) кепілдікті тарту туралы шешім қабылдаған көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімі;

7) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (көрсетілетін қызметті алушының қолымен және мөртаңбамен (болған жағдайда) расталған көшірмесі), көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу туралы хабарлама.

Веб-порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық сұратуы нысанындағы өтініш;

2) кредит бюросына ақпарат беруге және кредит есебін электрондық нысанда алуға келісімі;

3) оның жеке деректерін электрондық нысанда жинауға және өңдеуге келісімі ;

4) кепілдік сомасын есептей отырып кредиттеу мүмкіндігі туралы Банктің оң шешімі бар хаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі);

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік/ анықтама ( көрсетілетін қызметті алушының қолымен) және мөртаңбамен (болған жағдайда) расталған көшірмесі)/көрсетілетін қызметті алушыны тіркеу туралы хабарлама.

Бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегінің бар/жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерден алады.

Деректерді "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу техникалық тұрғыдан мүмкін емес болған немесе деректер дұрыс болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыдан сұратады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылған жағдайда, кепілдік тарту туралы шешім қабылдаған көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімі қатысушыға немесе басшыға берілген заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен келісу форматында расталады. Келісу нысаны барлық қатысушыларға және басшыға порталдағы жеке кабинетіне жіберіледі. Келісуді растау үшін келісу нысанына қатысушыға немесе басшыға берілген заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою талап етіледі.

#### 10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдік беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айырылуы негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жасалады.

Шағым қағаз нысанда почта арқылы немесе электрондық түрде не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні және берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында:

жеке тұлғаның - оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен, сондай-ақ веб-портал арқылы электрондық түрде жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

**4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz)

2) веб-портал–[www.egov.kz](http://www.egov.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ЭЦҚ болған жағдайда, портал арқылы электронды нысанда ала алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының веб-порталдың "жеке кабинет", көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс-орталығының байланыс телефоны: 1414.

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілерінің  
кредиттері бойынша  
кепілдіктер беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
1-қосымша  
Нысан

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту  
қоры" акционерлік қоғамы  
өңірлік филиалының директоры

---

Көрсетілетін қызметті  
алушының тегі,  
аты, әкесінің аты (бар болса)

**Өтініш**

Мен, \_\_\_\_\_,

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамыту мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде

20 \_\_ жылғы \_\_ акционерлік қоғамның уәкілетті органы " \_\_\_\_\_  
" \_\_\_\_\_

(банктің атауы) \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) теңге  
мөлшерінде, \_\_\_\_ ( \_\_\_\_ )

ай мерзімге \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ )% кредиттік желі ашу/банктік қарыз беру  
туралы оң шешім қабылдағанын хабарлаймын:

Кредит беру мақсаты \_\_\_\_\_

Мен кредиттік желі/банктік қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде  
мына мүлікті ұсындым:

1) \_\_\_\_\_,

(объектінің атауы, жалпы ауданы, салынған жылы, орналасқан жері,  
нарықтық құны, теңгемен)

2) \_\_\_\_\_,

(автокөлік құралы, шығарылған жылы, техникалық ерекшелікке сәйкес  
сипаттамалары,

нарықтық құны теңгемен).

3) \_\_\_\_\_.

басқа мүлік (оның ішінде, атауын, сипаттамаларын, орналасқан жерін және  
тағы басқа

көрсете отырып)

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Сізден \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ )

теңге мөлшерінде \_ \_ \_ \_ айға дейінгі мерзімге кепілдік беру мүмкіндігін  
қарастыруыңызды сұраймын.

Бекітілген кредиттік желі/банктік қарыз шеңберінде кредиттер берілмеген.

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына кепілге берілген  
мүлікке талап қоюға " \_\_\_\_\_ "

(Банктің атауы), сондай-ақ акционерлік қоғам алдындағы міндеттемелерді  
қамтамасыз ету болып

табылмайтын мүлік бойынша талап қоюға " \_\_\_\_\_ "

(Банктің атауы) келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы \_\_\_\_\_

Мөртаңбаның орны (болған жағдайда)

Ескертпе: портал арқылы электрондық өтінім берілген жағдайда өтініш  
порталда көрсетілген нысан бойынша ресімделеді.

бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілерінің  
кредиттері бойынша  
кепілдіктер беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша  
Нысан

**Көрсетілетін қызметті алушының кредит есебін алуға келісімі**

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жергілікті уақыт \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут  
Жеке тұлға үшін

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні және жері,  
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және күні)  
Заңды тұлға үшін

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе  
куәлікке

сәйкес толық атауы, орналасқан жері, тіркеу нөмірі немесе заңды тұлғаны  
мемлекеттік

тіркеу заңнамасы бойынша сәйкестендіру үшін ресми пайдаланылатын өзге  
де

сәйкестендіру нөмірі)

кредиттік бюролардағы және болашақта кредиттік бюроларға түсетін оның  
қаржылық

және мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріне қатысты ол туралы  
ақпарат осы

келісімді қабылдаған кредиттік бюролардан ақпарат алушыға ашылатынына  
келісім

береді.

\_\_\_\_\_  
Көрсетілетін қызметті алушының мөртаңба (болған жағдайда) мен қолы

---

---

— (жеке тұлға үшін: өз қолымен тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі), жеке қолы қойылады;

— заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, егер тұлға сенімхат негізінде

заңды тұлға атынан әрекет етсе сенімхаттың түпнұсқасын қоса бере отырып, сенімхаттың деректемелерін көрсете отырып, осы келісімге қол қоюға заңды тұлға

уәкілеттік берген тұлғаның қолы қойылады)

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы

---

— Филиал директорының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) мөртаңба және қолтаңбасы)

---

— (осы келісімді қабылдаған ұйымның атауы; осы келісімді қабылдауға уәкілетті

адамның тегі, аты-жөні және қолы).

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде шағын және орта  
кәсіпкерлік субъектілерінің  
кредиттері бойынша  
кепілдіктер беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
3-қосымша  
Нысан

**Көрсетілетін қызметті алушының кредиттік бюроға ақпарат беруге келісімі**

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ жергілікті уақыт \_\_\_\_ сағат \_\_ минут

Жеке тұлға үшін

---

---

—  
—  
—



(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні және жері,  
тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні)  
Заңды тұлға үшін

---

---

---

---

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке

сәйкес толық атауы, орналасқан жері, тіркеу нөмірі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік

тіркеу заңнамасы бойынша сәйкестендіру үшін ресми пайдаланылатын өзге де

сәйкестендіру нөмірі)

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамындағы" оның қаржылық және

мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріне қатысты ол туралы,

---

(ақпарат көзінің (дерінің) атауын көрсету. Егер келісім барлық ықтимал көздерден

ақпарат ұсынуға берілетін болса бұл туралы "барлық ықтимал көздерден ақпарат

көздерінде" деген белгі қою қажет)

және болашақта көрсетілген көз (дер) ге түсетін

---

ақпарат (көрсетілетін қызметті алушының мөртаңба (болған жағдайда) және қолы)

(болашақта түсетін ақпаратты ашуға келісім берген жағдайда қол қою қажет; болашақта

түсетін ақпаратты ашуға келіспеген жағдайда сызықша қою қажет) барлық кредиттік

бюроларға (егер осы келісімді ресімдейтін ақпаратты жеткізуші "Қазақстан

Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы"

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573 Заңы (бұдан әрі-Заң)

23-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық кредиттік бюроларға ақпаратты ұсынады) немесе

---

---

кредиттік бюроларға берілетіндігіне осы келісімді береді (егер осы келісімді ресімдейтін ақпаратты жеткізуші)

Заңның 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық кредиттік

бюроларға ақпарат беруге міндетті емес болса кредиттік бюроның атауы көрсету).

---

---

Көрсетілетін қызметті алушының (мөртаңба (болған жағдайда) мен қолы)

---

---

(жеке тұлға үшін: өз қолымен тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі,

жеке қолы қойылады; заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, сенімхаттың түпнұсқасын қоса бере отырып, егер тұлға заңды тұлғаның атынан

сенімхат негізінде әрекет етсе, сенімхаттың деректемелерін көрсете отырып, осы

келісімге қол қоюға заңды тұлға уәкілеттік берген тұлғаның қолы қойылады.)  
"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" Акционерлік қоғамы

---

---

---

Филиал директорының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (мөртаңба мен қолы)

---

---

---

(осы келісімді қабылдаған ұйымның атауы; осы келісімді қабылдауға уәкілетті

адамның тегі, аты-жөні және қолы ).

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде шағын және орта

кәсіпкерлік субъектілерінің  
кредиттері бойынша  
кепілдіктер беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
4-қосымша  
Нысан

**Көрсетілетін қызметті алушының дербес деректерін көрсетілетін қызметті берушінің жинауына және өңдеуіне келісімі**

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жергілікті уақыт \_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минут

\_\_\_\_\_

— (тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда), туған күні және жері)

\_\_\_\_\_

— (тұрғылықты жері, тіркеу орны бойынша мекенжайы)

\_\_\_\_\_

— (жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және күні)

Тартылатын кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде

Қордың ішінара кепілдік беруі туралы мәселені қарауға байланысты

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы"

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңына сәйкес, оның қаржылық және

басқа мүліктік сипаттағы міндеттемелеріне қатысты ақпаратты, оның ішінде

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қор)

алдағы уақытта түсетін ақпаратты қоса алғанда оның дербес деректерін жинауға

және өңдеуге осы келісімді береді. \_\_\_\_\_ ( қолы)

(болашақта келіп түсетін ақпаратты ашуға келісім берген жағдайда, қол қою қажет;

болашақта түсетін ақпаратты ашумен келіспеген жағдайда, сызықша қою қажет),

\_\_\_\_\_

(өз қолымен тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі, жеке қолы қойылады)

---

(осы келісімді қабылдаған құрылымдық бөлімшенің/өңірлік филиалдың атауы)

---

(осы келісімді қабылдауға уәкілетті адамның тегі, аты-жөні және қолы)

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 28 бұйрығына  
4 - қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 352 бұйрығына  
4 - қосымша

**"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бизнес-инкубациялау аясында жаңа бизнес-идеяларды және индустриалық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бизнес-инкубациялау аясында жаңа бизнес-идеяларды және индустриалық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі және "электрондық үкіметтің" веб-порталы ( бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүзеге асырылады;.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру бойынша:

көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 29 (жиырма тоғыз) жұмыс күн;

бизнес-инкубациялау аясында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне гранттар беру бойынша:

көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 89 (сексен тоғыз) жұмыс күн;

2) ) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз/электронды түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: грант беру туралы шарт не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз/ электронды түрінде.

7. Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:

1) 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, дүйсенбіден бастап – жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік грант алу үшін өтінім;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі/жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама;

3) өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқтығы туралы анықтама;

4) басшының қолымен және өтініш берушінің мөртаңбамен (болған жағдайда) расталған, өтінім беру сәтіндегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы анықтама;

5) бизнес-жоба;

6) көрсетілетін қызметті алушының Бағдарлама және (немесе) "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оқудан өткендігін растайтын құжаттың ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын көшірмесі;

7) көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы шотында берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10% ақша қаражатының болуы туралы банктік шоттан үзінді көшірме немесе жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар;

8) көрсетілетін қызметті алушының атынан өтінім беру құқығына сенімхат, сенім білдірілген адамның паспортының көшірмесі (заңды тұлға атынан – заңды тұлға растаған).

Бизнес-инкубациялау аясында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім

2) өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей берілген бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің жоқтығы туралы анықтама

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бизнес-жоба;

4) өкілге сенімхат (қажет болған жағдайда).

Веб-порталда:

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурстық іріктеуге қатысуға электрондық өтінім;

2) көрсетілетін қызметті алушының Бағдарлама және (немесе) "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оқудан өткендігін растайтын құжаттың ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын көшірмесі;

3) көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы шотында берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 10% ақша қаражатының болуы туралы банктік шоттан үзінді көшірме немесе жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар.

Бизнес-инкубациялау аясында индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік гранттар беру жөніндегі конкурстық іріктеуге қатысуға электрондық өтінім;

2) Бағдарламаны іске асыруға қатысуға конкурстық іріктеуден өткен бизнес-инкубатормен резиденттік туралы келісім;

3) көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы шотында берілетін мемлекеттік грант көлемінің кемінде 20% ақша қаражатының болуы туралы банктік шоттан үзінді көшірме.

Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) және веб-порталда тіркеу нөмірі құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі бойынша, оның ішінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік және (немесе) жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама бойынша мәліметтер, заңды тұлға/жеке кәсіпкер қызметінің түрлері туралы мәліметтер, тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық сатылары туралы, сондай-ақ тоқтатылған қызмет туралы мәліметтер, бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешектің болмауы/ болуы туралы мәліметтер, жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің болуы туралы мәліметтер "электрондық үкімет" шлюзі арқылы автоматты түрде тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден анықталады.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы деректерді алу техникалық мүмкін болмаған немесе деректер дұрыс болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды сұратады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бизнес-инкубациялау аясында жаңа бизнес-идеяларды және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады;

11. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

12. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні және берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында:

жеке тұлғаның - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), пошталық мекенжайы заңды тұлғаның - атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы



тиіс. Шағымның қаралу нәтижесі туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошталық байланыс түрінде немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол түрде беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

13. Көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де талаптар**

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайы Министрліктің [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтер арқылы, қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде бизнес-  
инкубациялау аясында жаңа  
бизнес-идеяларды  
және индустриялық-  
инновациялық жобаларды іске  
асыру үшін шағын кәсіпкерлік  
субъектілеріне мемлекеттік  
гранттар беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
1-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік гранттарды ұсыну бойынша конкурстық іріктеуге қатысуға өтінім**

---

---

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы)  
(заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы; жеке кәсіпкердің тегі,  
аты,  
әкесінің аты (болған жағдайда), паспорт деректері)

---

---

(заңды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы;  
көрсетілетін қызметті алушының тұратын жері)

---

---

(қала (аудан) кодын көрсете отырып байланыс телефонының нөмірі,  
электрондық пошта мекенжайы)

---

---

(банктік деректемелер)

---

---

(салық салу жүйесін көрсету)

---

---

(қызметтің бейінді бағыттарын көрсету)

---

---

(экономика саласын көрсету, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші

бойынша коды (ЭҚЖЖ)

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

(өтінім берілген кездегі жалдамалы қызметкерлердің санын орташа көрсету)

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

(ұйым басшысы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, байланыс

телефоны)

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

(жобаның жауапты орындаушысы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы,

байланыс телефоны)

ісін жаңа бастаған кәсіпкерлік субъектілеріне (өз бизнесін ашуға) мемлекеттік гранттар беру үшін конкурстық іріктеуге қатысатыны туралы мәлімдейді.

Көрсетілетін қызметті алушы конкурс шарттарымен танысты және "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бизнес-инкубациялау аясында жаңа бизнес-идеяларды және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес қажетті құжаттарды ұсынады.

Ұсынылатын құжаттар тізбесі

Р/с №	Заңды тұлға	бет саны	р/с №	Жеке кәсіпкер	Бет саны
1	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі		1	Жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі	
2	Салықтар, алымдар мен жарналар бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы анықтама		2	Салықтар, алымдар мен жарналар бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы анықтама	

3	Өтінім берген кездегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы басшының қолымен расталған анықтама	3	Өтінім берген кездегі жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы басшының қолымен расталған анықтама
4	Бизнес-жоба	4	Бизнес-жоба
5	Көрсетілетін қызметті алушының Бағдарламаның және/немесе "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының курстарында қысқа мерзімді оқытудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі	5	Көрсетілетін қызметті алушының Бағдарламаның және/немесе "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының курстарында қысқа мерзімді оқытудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі
6*	Өкілге сенімхат	6*	Өкілге сенімхат
7	Көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы шотында қаржы қаражатының бар екендігін растайтын банктік шоттан үзінді көшірме немесе жылжымалы және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар	7	Көрсетілетін қызметті алушының ағымдағы шотында қаржы қаражатының бар екендігін растайтын банктік шоттан үзінді көшірме немесе жылжымалы және /немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттар
* қажет болған жағдайда толтырылады			
Үміткер _____			
-----			
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)			
20__ жылғы " __ " _____ " __ " өтінім № сағат " __ " минут			

Мен бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ екенін растаймын.

Мен өзім ұсынған мәліметтердің дұрыс екенін растаймын және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің және Конкурстық комиссияның мәліметтерді тексеруіне қарсы емеспін.

Көрсетілетін қызметті алушы осы өтінімге қол қою арқылы мынаны мәлімдейді және оған кепілдік береді:

1. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне осы өтініммен бірге берілген (ұсынылған) немесе ұсынылатын барлық деректер, ақпарат пен құжаттама дұрыс болып табылады және төменде көрсетілген күнге шындыққа толық сәйкес келеді, көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісін дереу хабардар етуге міндеттенемін.

2. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің бірінші талап етуі бойынша осы өтінімді қарау шеңберінде талап етілген, банктік және коммерциялық құпияны құрайтын кез келген ақпарат пен құжаттарды ұсынуға және ашуға міндеттенеді.

3. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі көрсетілген мәлідемелер мен кепілдіктердің шынайылығын тексеруге міндетті емес.

4. Көрсетілетін қызметті алушыға жалған, толық емес және (немесе) дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық туралы ескертілді.

5. Көрсетілетін қызметті алушының жарғылық құзыреті осы өтінішке қол қоятын адамның өтініш беруіне мүмкіндік беретінін көрсетілетін қызметті алушы растайды.

6. Көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, осы өтінім көрсетілген деректердің дұрыс еместігін растайтын мәліметтер анықталған кез келген кезеңде кері қайтарылуы мүмкін екендігімен келісемін, бұл ретте Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі жергілікті деңгейде кері қайтару себептерін хабарламауға құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушы осы арқылы Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне мынаған келісім береді:

1. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпарат пен көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексеру және қарау мақсатында мүдделі үшінші тұлғаларға ұсынуға құқылы.

2. Осы өтінімде қамтылған барлық мәліметтер, сондай-ақ Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі талап еткен барлық құжаттар Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік гранттар алу үшін ғана ұсынылды.

3. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі көрсетілетін қызметті алушы өзі туралы хабарлайтын кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады, ал көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар және өтінімнің түпнұсқасы мемлекеттік грант берілмесе де, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінде сақталатын болады.

4. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің осы өтінімді қарауға қабылдауы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының ықтимал шығыстары (нысаналы грант алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеу және) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің нысаналы грант беру немесе көрсетілетін қызметті алушы шеккен шығыстарды өтеу міндеттемесі болып табылмайды.

5. Нысаналы грант беру туралы мәселені қарау тәртібімен танысқанымды растаймын және келісемін, кейіннен Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне наразылық білдірмеймін.

---

Көрсетілетін қызметті алушының (қолы) (қолының толық жазылуы)

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде бизнес-  
инкубациялау аясында  
жаңа бизнес-идеяларды және  
индустриялық-инновациялық

жобаларды іске асыру үшін  
шағын кәсіпкерлік  
субъектілеріне мемлекеттік  
гранттар беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша  
Нысан

## Өтінім

Р/с №	Қажетті ақпарат (өтінім беру кезінде өзектілендірілген)	Өтінім беруші туралы мәліметтер
1.	Ұйымның толық және қысқартылған атаулары: ұйымдық-құқықтық нысаны, заңды тұлғаның атауы; басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) төлқұжат деректері	
2	Тіркеу деректері: Заңды тұлғаны тіркеу күні, орны және органы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік негізінде), Құрылтайшылары:	
3	Байланыс деректері: заңды мекенжайы; пошта мекенжайы; байланыс телефоны; е - m a i l ; web-сайты (болған жағдайда); басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және оның ұялы телефонының нөмірі.	
4	Банктік деректемелер	
5	Кредиторлық және салық берешегінің бар-жоғы туралы мәліметтер	
6	Жобаның атауы	
7	Қызмет түрі: (өндіру, сату, көрсетілетін қызметтер)	
8	Жоба командасының жұмыс тәжірибесі, оның ішінде ұсынылатын қызмет бағыты бойынша тәжірибе	

(ұйымдық-құқықтық нысанын көрсете отырып атынан өтініш берушінің атауы)

атынан

---

(лауазымның атауы, уәкілетті тұлғаның, басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық

жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне грант ұсыну бойынша

іріктеуге қатысуға келісетіні туралы хабарлайды.

Мен осы өтінімде көрсеткен барлық ақпарат дұрыс және өтінім берілген кезде өзекті

болып табылатынын растаймын.

Осы өтінімге ұсынылатын құжаттардың тізбесіне сәйкес құжаттардың көшірмелерін

қоса беремін.

Өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толығымен):

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

\* өтінімнің әр бетіне қол қою қажет

Мөртаңба орны (болған жағдайда)

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде бизнес-  
инкубациялау аясында жаңа  
бизнес-идеяларды және  
индустриялық-инновациялық  
жобаларды іске асыру  
үшін шағын кәсіпкерлік  
субъектілеріне мемлекеттік  
гранттар беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
3-қосымша  
Нысан

## **Бизнес-жоспар**

### **1-тарау. Жалпы мәліметтер**

- 1.1. Жобаның атауы.
- 1.2. Өтініш берушінің атауы (толық және қысқартылған).
- 1.3. Жарғылық капиталды бөлу.
- 1.4. Орналасқан орны, заңды мекенжайы туралы мәліметтер.
- 1.5. Сайт (болған жағдайда).
- 1.6. Жобаны іске асыру үшін негізгі құралдардың және қажетті алаңдардың болуы.
- 1.7. Шығаруға ұсынылатын өнім (тауар, көрсетілетін қызмет) немесе бизнес-процесс.
- 1.8. Грант алған кезден бастап жобаны іске қосудың болжамды мерзімі.

### **2-тарау. Жобаның технологиялық құрамдас бөлігі**

- 2.1. Жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын өнімнің негізгі сипаттамалары (функционалдық мақсаты, негізгі тұтыну сапалары мен өнім параметрлері).
- 2.2. Шешімдер жобаларында ұсынылған жаңалық.

2.3. Патенттердің және жоба тақырыбы бойынша өзге де құқық қорғау құжаттарының болуы.

2.4. Жобаның бизнес-процесін не өнім жасаудың сипаттамасы.

2.5. Ресурстармен қамтамасыз ету.

### **3-тарау. Коммерцияландыру перспективалары**

3.1. Өнім нарығының көлемі мен сыйымдылығы, жоба іске асырылатын саланың қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талдау.

3.2. Жасалатын өнімнің бәсекелестік артықшылығы, техникалық-экономикалық сипаттамаларды аналогтармен салыстыру (1- кесте).

Техникалық және құндық сипаттамалар бойынша баламалы шешімдердің салыстырмалы талдауы келтіріледі (өндіру үшін ұсынылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің аналогтармен салыстырылған техникалық деңгейі мен құны, дереккөздерге сілтемелер):

1-кесте

Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштердің мәні		
	Ұсынылатын үлгі	№ 1 аналог	№ 2 аналог

3.4. Өнімді нарыққа ілгерілету стратегиясы.

- Өткізу нарықтарының (экспорттық және ішкі) сипаттамасы, оның ішінде: нарықтың осы сегментінде жұмыс істейтін негізгі компаниялардың сипаттамасы; бәсекелес компаниялар ұсынатын өнімнің сипаттамасы.

- Нарықтың сандық сипаттамалары (заттай және ақшалай мәндегі жылдық көлем, сұраныстың өсу немесе төмендеу үрдісі).

- Компанияның өнімдері иелене алатын нарықтың әлеуетті үлесінің негіздемесі.

- Зерттелетін нарықтардағы негізгі үрдістер, күтілетін өзгерістер.

- Өнімнің әлеуетті тұтынушыларымен уағдаластықтардың болуы және өнімді сатып алу дайындығын растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, алдын ала жеткізу шарттары, жеткізу шарттары).

- Осы нарықта өнімді табысты түрде өткізуге елеулі әсер етуді қамтамасыз ететін факторлардың болуы (баға саясаты, техникалық сипаттамалар бойынша өнімнің артықшылығы, нарықтағы бедел, контрагенттермен қарым-қатынас, еңбек ұжымы, өнімнің ерекше қасиеттері, географиялық және өзге де ерекшеліктер).

### **4-тарау. Жобаның командасы**



4.1. Қызметкерлер саны, олардың қызмет бағыты және түйіндеме мен біліктілікті растайтын құжаттарды (диплом, сертификаттар) қоса бере отырып олардың біліктілігі.

4.2. Бағдарламаларға қатысу тәжірибесі, жобалардағы рөлі, алынған нәтижелері мен кәсіпорынның даму көрсеткіштері.

4.3. Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы. Жаңа мамандар тарту схемасы.

## 5-тарау. Жобаны іске асыру

5.1. Тәуекелдердің ықтимал типі мен көздері, оларды азайту жөніндегі шаралар.

5.2. Кезеңдерін, нақты алынатын нәтижелерін, уақыт аралықтарын және қажетті қаражатты көрсете отырып, жобаны іске асыру жоспары (жобаны қаржыландыру кезеңінде де, аяқталғаннан кейін де осы кезеңде жоспар жасалады ) (2-кесте).

2-кесте

Жобаны іске асыру кезеңдерінің атауы	Кезең мерзімі	Кезең құны	Сапалық және сандық нәтижелер

## 6-тарау. Қаржылық жоспар

6.1. Жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі, оның ішінде инвестициялардың немесе жеке қаражаттың көлемі, қаражат көздері мен оларды алу нысандары (3-кесте).

6.2. Жобаны іске асыру үшін бұрын тартылған қаржыландыру (осы көздерді көрсете отырып).

3-кесте

Жұмыстарды орындауға жұмсалған шығындар	Шығын сомасы (теңге)	Жұмыс-тар кезеңдері	Баға белгілеу бойынша түсіндірме	Қаржыландыру көздері	Есептерде қолданылатын дереккөздер
Шығындар – Барлығы:					
оның ішінде баптар бойынша:					
Басқа да қаржыландыру көздері есебінен шығындар - Барлығы:					
Олардың ішінде:					
Меншікті қаражат					
Б а с қ а л а р (қандай екенін көрсету)					

6.3. Жобаны іске асырудың соңына қарай негізгі жоспарлы экономикалық көрсеткіштер (өндіріске жұмсалатын шығыстар, пайда, таза пайда, шығарылатын

өнімнің рентабельділігі), Excel форматында көрсеткіштер есептеулері қоса беріледі.

6.4. Excel форматындағы кесте түрінде есептеулерді қоса бере отырып, айлар бойынша бөліністе кірістер, шығыстар, ақша қозғалысы жоспарының болжамын есептеу. Қызмет түрлері бойынша таратып жаза отырып кірістер бойынша есептер, шығындар баптары бойынша таратып жаза отырып шығындар бойынша есептер.

6.5. NPV, IRR, DPP, PI инвестициялық көрсеткіштерін есептеу, инвестициялық көрсеткіштер есептеулерін Excel форматында қоса беру.

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде бизнес-  
инкубациялау аясында жаңа  
бизнес-идеяларды және  
индустриялық-инновациялық  
жобаларды іске асыру  
үшін шағын кәсіпкерлік  
субъектілеріне мемлекеттік  
гранттар беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
4-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысуға электрондық өтінім**

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы), (заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы; көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), паспорт деректері)

\_\_\_\_\_

—

\_\_\_\_\_

—

(заңды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы;  
көрсетілетін қызметті алушының тұратын жері)

\_\_\_\_\_

—

(банктік деректемелер)

## 1. Жоба туралы деректер

Жобаның атауы	
Жобаның қысқаша сипаттамасы	
Жобаны іске асыру орны	
Қызметтің бейінді бағыттары (*Жоба облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Семей қалаларында іске асырылған жағдайда толтырылады)	
Өнімді/қызметті пайдаланушылардың нысаналы	
Жобаның қайтарымдылық мерзімі	
Қажетті ақша қаражаты, мың теңге	Меншік қаражаты
	Грант қаражаты
Жобаны іске қосу күні	
Жер учаскесінің және/немесе үй жайдың болуы (жалдамалы немесе меншік)	
Қажетті жабдықтардың/қосалқы материалдардың болуы	
Бизнес-идеялардың жаңашылдығын (ерекшелігі, қолданылуы, пайдалылығы, іске асыру мүмкіндігі, аналогтарының болуы) сипаттаңыз	

## 2. Өнімді нарыққа ілгерілету стратегиясы

Өнім нарығының көлемі мен сыйымдылығы, жоба іске асырылатын саланың қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талдау
Ұсынылатын өнім иелене алатын нарықтың әлеуетті үлесінің негіздемесі
Зерттелетін нарықтардағы негізгі үрдістер, күтілетін өзгерістер
Өнімнің әлеуетті тұтынушыларымен уағдаластықтардың болуы және өнімді сатып алу дайындығын растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, алдын ала жеткізу шарттары, жеткізу шарттары)
Осы нарықта өнімді табысты түрде іске асыруға елеулі әсер етуді қамтамасыз ететін факторлардың болуы (баға саясаты, техникалық сипаттамалар бойынша өнімнің артықшылығы, нарықтағы бедел, контрагенттермен қарым-қатынас, еңбек ұжымы, өнімнің ерекше қасиеттері, географиялық және өзге де ерекшеліктер)

## 3. Жобаның командасы:

Жалдамалы қызметкерлер саны
Кәсіпкерлік қызмет саласындағы және іске асыруға жоспарланған саладағы жұмыс өтілі (тиісті құзыреттіліктің, іскерліктің, дағдылардың немесе білімнің болуы)

## 4. Жобаны іске асыру:

Шығыстардың түрлері	Шығыстар баптарының атауы	Шығыстар сомасы, мың теңге
Меншік қаражат		
Грант қаражаты		

## 5. Жоба бойынша күтілетін экономикалық әсер:

--	--	--

Жылдар	Факт	Болжам		
	ағымдағы жыл	1-жыл	2- жыл	3- жыл
Құрылатын жұмыс орындарының саны, адам			-	-
Салықтар түріндегі түсімдер сомасы, мың теңге				
Таза пайда, мың теңге				

## 6. Тәуекелдерді басқару:

Тәуекел түрлері	Тәуекелдің орын алу ықтималдығы	Тәуекелді реттеу тәсілдері
Мүліктік (кәсіпорынның өз мүлкінің бір бөлігін жоғалту, оның бүліну және өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру процесінде кірістерді толық алмау ықтималдығы)		
Маркетингтік (тауардың сатылу көлемінің немесе бағасының төмендеуінен пайданы толық алмау ықтималдығы)		
Салалық (борышкердің саланың экономикалық жағдайының өзгеруі нәтижесінде өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан залал ықтималдығы)		

Бұрын берілген бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ екенін растаймын.

Ұсынған мәліметтерімнің дұрыс екенін растаймын және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің және Конкурстық комиссияның мәліметтерді тексеруіне қарсы емеспін.

Мен жалған, толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық туралы таныстым.

Көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, осы өтінім көрсетілген деректердің дұрыс еместігін растайтын мәліметтер анықталған кез келген кезеңде кері қайтарылуы мүмкін екендігімен келісемін.

Нысаналы грант беру туралы мәселені қарау тәртібімен танысқанымды растаймын және келісемін.

\_\_\_\_\_ электрондық цифрлық қолтаңба  
көрсетілетін қызметті алушы

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шенберінде бизнес-  
инкубациялау аясында жаңа  
бизнес-идеяларды және  
индустриялық-инновациялық  
жобаларды іске асыру  
үшін шағын кәсіпкерлік  
субъектілеріне мемлекеттік  
гранттар беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет

**Мемлекеттік гранттарды ұсыну бойынша конкурстық іріктеуге қатысуға электрондық өтінім**

---

---

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы), (заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық

нысаны, атауы; көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), паспорт деректері)

---

---

(заңды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы; көрсетілетін қызметті

алушының тұратын жері, WEB сайт)

---

---

(банктік деректемелер)

---

---

(қызметтің бейінді бағыттарын көрсету)

**1. Жоба туралы деректер**

Жобаның атауы	
Жобаның қысқаша сипаттамасы	
Жобаның іске асырылатын жері, заңды мекенжайы	
Жарғылық капиталды бөлу құрылтайшылар	
Өнімдерді/қызметтерді пайдаланушылардың нысаналы аудиториясы	
Қажетті ақша қаражаты, мың теңге	Меншік қаражат
	Грант қаражаты
Жобаны іске қосу күні	
Жобаны іске асыру үшін негізгі құралдардың және қажетті алаңдардың болуы	
Шығаруға ұсынылатын өнім (тауар, қызмет) немесе бизнес-процесс	

## 2. Жобаның технологиялық құрамдас бөлігі:

Жобаны іске асыру шеңберінде құрылатын өнімнің негізгі сипаттамалары (функционалдық мақсаты, негізгі тұтыну сапалары мен өнім параметрлері)
Шешімдер жобаларында ұсынылатын жаңалық
Патенттердің және жоба тақырыбы бойынша өзге де құқық қорғау құжаттарының болуы
Жобаның бизнес-процесін не өнім жасаудың сипаттамасы
Ресурстармен қамтамасыз ету

## 3. Коммерцияландыру перспективалары:

Өнім нарығының көлемі мен сыйымдылығы, жоба іске асырылатын саланың қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талдау			
Жасалатын өнімнің бәсекелестік артықшылығы, техникалық-экономикалық сипаттамаларды а н а л о г т а р м е н с а л ы с т ы р у *Техникалық және құндық сипаттамалар бойынша баламалы шешімдердің салыстырмалы талдауы келтіріледі (өндіру үшін ұсынылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің аналогтармен салыстырылған техникалық деңгейі мен құны, дереккөздерге сілтемелер):			
Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштердің мәні		
	Ұсынылатын үлгі	№ 1 аналог	№ 2 аналог

## 4. Өнімді нарыққа ілгерілету стратегиясы:

Өткізу нарықтарының (экспорттық және ішкі) сипаттамасы, оның ішінде нарықтың осы сегментінде жұмыс істейтін негізгі компаниялардың сипаттамасы бәсекелес компаниялар ұсынатын өнімнің сипаттамасы
Нарықтың сандық сипаттамалары (заттай және ақшалай мәндегі жылдық көлем, сұраныстың өсу немесе төмендеу үрдісі)
Компанияның өнімдері иелене алатын нарықтың әлеуетті үлесінің негіздемесі
Зерттелетін нарықтардағы негізгі үрдістер, күтілетін өзгерістер
Өнімнің әлеуетті тұтынушыларымен уағдаластықтардың болуы және өнімді сатып алу дайындығын растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, алдын ала жеткізу шарттары, жеткізу шарттары)
Осы нарықта өнімді табысты түрде өткізуге елеулі әсер етуді қамтамасыз ететін факторлардың болуы (баға саясаты, техникалық сипаттамалар бойынша өнімнің артықшылығы, нарықтағы бедел, контрагенттермен қарым-қатынас, еңбек ұжымы, өнімнің ерекше қасиеттері, географиялық және өзге де ерекшеліктер)

## 5. Жобаның командасы:

Қызметкерлер саны, олардың қызмет бағыты және түйіндеме мен біліктілікті растайтын құжаттарды (диплом, сертификаттар) қоса бере отырып олардың біліктілігі
Бағдарламаларға қатысу тәжірибесі, жобалардағы рөлі, алынған нәтижелері мен кәсіпорынның даму көрсеткіштері
Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы. Жаңа мамандар тарту схемасы

## 6. Тәуекелдерді басқару:

Тәуекел түрлері	Тәуекелдің орын алу ықтималдығы	Тәуекелді басқару тәсілдері
Мүліктік (кәсіпорынның өз мүлкінің бір бөлігін жоғалту, оның бүліну және өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру процесінде кірістерді толық алмау ықтималдығы)		
Маркетингтік (тауардың сатылу көлемінің немесе бағасының төмендеуінен пайданы толық алмау ықтималдығы)		
Салалық (борышкердің саланың экономикалық жағдайының өзгеруі нәтижесінде өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан залал ықтималдығы)		

## 7. Жобаны іске асыру:

Жобаны іске асыру кезеңдерінің атауы	Кезең мерзімі	Кезең құны	Сапалық және сандық нәтижелер

## 8. Қаржылық жоспары:

1. Жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі, оның ішінде инвестициялардың немесе жеке қаражаттың көлемі, қаражат көздері мен оларды алу нысандары

Жұмыстарды орындауға жұмсалған шығындар	Шығын сомасы (теңге)	Жұмыстар кезеңдері	Баға белгілеу бойынша түсіндірме	Қаржыландыру көздері	Есептерде қолданылатын дереккөздер
Шығындар – Барлығы:					
оның ішінде баптар бойынша:					
Басқа да көздер есебінен шығындар - Барлығы:					
Олардың ішінде:					
Меншік қаражат					
Б а с қ а л а р (қандай екенін көрсету)					

2. Жобаны іске асыруға бұрын тартылған қаржыландыру (осы дереккөздерді көрсете отырып):

Көрсеткіштің атауы	Сома, теңге	Қалдық сомасы (өтінім берген кезде), теңге
Банктік кредит (қарыз)		
Қарыз (үлестес компания қарызы) субординацияланған		
Жобаны іске асыруға тартылған ақша қаражатының басқа түрлері		

Мен бұрын бюджеттік кредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ екенін растаймын.

Мен өзім ұсынған мәліметтердің дұрыс екенін растаймын және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің және Конкурстық комиссияның мәліметтерді іріктеп тексеруіне қарсы емеспін.

Маған жалған, толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық туралы ескертілді.

Көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, осы өтінім көрсетілген деректердің дұрыс еместігін растайтын мәліметтер анықталған кез келген кезеңде кері қайтарылуы мүмкін екендігімен келісемін.

Нысаналы грант беру туралы мәселені қарау тәртібімен танысқанымды растаймын және келісемін.

\_\_\_\_\_ электрондық цифрлық қолтаңба  
көрсетілетін қызметті алушы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2019 жылғы 19 сәуірдегі  
№ 28 бұйрығына  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 24 сәуірдегі  
№ 352 бұйрығына  
5-қосымша

**"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау мен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті



атқарушы органдарының кеңсесі және "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) арқылы жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап 11 (он бір) жұмыс күн;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ күту уақыты 30 (отыз) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз/электронды түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Өңірлік үйлестіру кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірме не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз/ электронды түрінде.

7. Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:

1) 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, дүйсенбіден бастап – жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыруға өтінім;

2) бизнес-жоспар;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, мониторингілеу және іске асырылуын бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларына сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі (2014 жылғы 8 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 тіркелген) (бұдан әрі – Ереже);

4) жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама (ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысымен);

Веб-порталда:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыруға электрондық өтінім;

2) Қағидаларға сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі ;

3) жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттама (ведомстводан тыс кешені сараптаманың оң қорытындысымен);

Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінде құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) және веб-порталда тіркеу нөмірі құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

10. Көрсетілетін қызметті беруші мынадай:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен

дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде өндірістік (индустриялық) инфрақұрылым жүргізу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі" негіздері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, іс-қимылдарына (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні және берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымында:

жеке тұлғалардың – аты-жөні, тегі, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлғалардың - атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Өтінішке көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымның қаралу нәтижесі туралы дәлелді жауап пошталық байланыс арқылы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол түрде көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жүгіне алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

**4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайы Министрліктің [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтер арқылы, қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары [www.economy.gov.kz](http://www.economy.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде өндірістік  
(индустриялық)  
инфрақұрылымды дамыту  
бойынша қолдау көрсету"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына  
1-қосымша  
Нысан

**Жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыруға өтінім**

---

---

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) (заңды тұлғаның  
ұйымдық-құқықтық

нысаны, атауы; көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), паспорт деректері)

---

---

(заңды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы; көрсетілетін  
қызметті

алушының тұрғылықты жері)

---

---

жобаны іске асыру орны

---

— (қала (аудан) коды көрсетілген байланыс телефонының нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)

---

— (банктік деректемелер)

---

— (қызметтің бейінді бағыттарын көрсету)

---

— (экономика саласын көрсету, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша коды (ЭҚЖЖ))

---

— (ұйым басшысы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, байланыс телефоны)

---

— жобаның жауапты орындаушысы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, байланыс телефоны)

---

— қажетті ақша қаражаты (меншікті қаражат, қарыз қаражаты)

---

— инфрақұрылымды түзету немесе жақсарту қажеттілігінің негіздемесі.

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыруға арналған құжаттарды қарауға қатысу туралы мәлімдейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жоғарыда көрсетілген шарттармен танысқан және Бағдарламаға сәйкес қажетті құжаттарды тіркейді.

Қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " сағат " \_\_\_\_ " минут " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № Өтінім

Мен өзім ұсынған мәліметтердің дұрыс екенін растаймын және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің және Конкурстық комиссияның мәліметтерді тексеруіне қарсы емеспін.

Көрсетілетін қызметті алушы осы өтінімге қол қою арқылы мынаны мәлімдейді және оған кепілдік береді:

1. Барлық деректер, ақпарат пен құжаттама шынайы болып табылады және төменде көрсетілген күнге шындыққа толық сәйкес келеді.

2. Көрсетілетін қызметті алушы жалған, толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік туралы ескертілді.

3. Көрсетілетін қызметті алушы өзінің жарғылық құзыреті осы өтінішке қол қоятын тұлғаға осы өтінішті беруге мүмкіндік беретінін растайды.

4. Көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, осы өтінім көрсетілген деректердің дұрыс еместігін растайтын мәліметтер анықталған кез келген кезеңде кері қайтарылуы мүмкін екендігіне келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы осы арқылы мыналарға келісім береді:

1. Бағдарламаның Өңірлік үйлестірушісі тексеру және қарау мақсатында осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды мүдделі үшінші тұлғаларға ұсынуға құқылы.

2. Осы өтінімдегі барлық мәліметтер, сондай-ақ барлық талап етілген құжаттар "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыру үшін ғана ұсынылған.

3. Жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды жүргізу бойынша мемлекеттік қолдау шаралары ұсыну туралы мәселені қарау тәртібімен таныстым және келісемін.

\_\_\_\_\_ (қолтаңбаның толық жазылуы)

"Бизнестің жол картасы-2020"  
бизнесті қолдау мен дамытудың  
мемлекеттік бағдарламасы  
шеңберінде өндірістік  
(индустриялық)  
инфрақұрылымды  
дамыту бойынша қолдау  
көрсету" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша  
Нысан

## Жетіспейтін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды қаржыландыру туралы электрондық өтініш

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) (заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық

нысаны, атауы; көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), паспорт деректері)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның орналасқан жері, пошталық мекенжайы; көрсетілетін қызметті

алушының тұрғылықты жері)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(банктік деректемелер)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

### 1. Жоба туралы деректер

Жобаның атауы
Жобаның қысқаша сипаттамасы
Жобаны іске асыру орны
Қызметтің бейінді бағыттары (* Жоба облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында іске асырылған жағдайда толтырылады)
Қажетті инфрақұрылым түрі
Құрылыс құны, мың теңге
Жобаның құны (инвестиция), мың теңге

### 2. Жобаның командасы:

Жалдамалы қызметкерлер саны

### 3. Жоба бойынша күтілетін экономикалық әсер:

Жылдары	Факт	Болжам		
	ағымдағы жыл	1-жыл	2-жыл	3-жыл
Құрылатын жұмыс орындарының саны, адам			-	-

Салықтар түріндегі түсімдер сомасы, мың теңге				
Шығарылатын өнім көлемі, мың теңге				

Мен өзім ұсынған мәліметтердің дұрыс екенін растаймын және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің және Конкурстық комиссияның мәліметтерді іріктеп тексеруіне қарсы емеспін.

Маған жалған, толық емес және/немесе дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық туралы ескертілді.

Көрсетілген деректер мен ақпараттың дұрыс еместігі анықталған жағдайда, осы өтінім көрсетілген деректердің дұрыс еместігін растайтын мәліметтер анықталған кез келген кезеңде кері қайтарылуы мүмкін екендігімен келісемін.

Жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізу туралы мәселені қарау тәртібімен таныстым және келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы \_\_\_\_\_ [ электрондық цифрлық қолтаңбадан авто толтыру ].